


1 2008
336к

Нурғожа ОРАЗ




6



Нұрғожа ОРАЗ

Көп
ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



АЛТЫНШЫ
ТОМ



Алматы
"САНАТ"
2007

ISBN 9965-41-000-0

ISBN 9965-41-000-0
9 789965 410000

© ЖШС «Санат» баспасы, 2007

ISBN 9965-41-000-0
ISBN 9965-41-000-0

ББК 84 Қаз 7
О-65

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің
тапсырысы бойынша шығарылып отыр*

Ораз НҰРҒОЖА

О-65 Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Санат», 2007. - 448 б.

6 том

ISBN 9965-664-59-5


«Талқандалған тарихат» оқырманға «Сарыарқа» журналы арқылы таныс. Қолыңыздағы кітапқа он жыл бойына жарияланған сол мақалалар тарихымыздың жаңадан жазылар беттеріне септігін тигізер деген үмітпен жинақталып отыр. Ұлы даламыздың төсінен сақ заманынан бүгінгі кезеңге дейін өткен заман көшін камтитын бұл мақалалар публицистиканың тілімен тартымды жазылған. Жеңіл оқылады.

О $\frac{4702250200-05}{416 (05) - 07}$ 04-07

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-664-59-5
ISBN 9965-222-09-6

© ЖШС «Санат» баспасы, 2007.



ОҚЫРМАҢДАРҒА АЙТАР СЫР

Тарихымызда негізгі нысана етіп жазылған бұл мақалалар топтамасы, бәрі дерлік “Сарыарқа” журналында он жыл бойына әр кезде жарияланып отырды. Сондықтан бұл еңбектің тұңғыш тұсаукесерін алған да, алғаш рет өз пікірлерін айтқан да осы журналдың тұрақты оқырмандары, ақылдастары, авторлары.

Сол жағдайымызды ескеріп, өзімізге ақылшы, кеңесші болған қазақ ағайындардың журналға деген ілтипаты мен сүйсінерлік тілектерінің ішінен теріп алып, тарихқа орай жазғандарымызды қолдайтын пікірлерін “Талқандалған тарихат” атты еңбегімізді кітап етіп жариялау кезінде ендігі қалың оқырмандарға айғақ ретінде ұсынып отырмыз. Яғни кітап ретінде жұртшылыққа ұсыну заңдылығы мойындалғанын арқа тұтпақпыз. Бұл айтарымыз – жаңа оқырмандар тарапынан “Мұнысы несі?” дегізбес үшін алдын-ала пікір бөлісу болса, сөздері айғақ ретінде ұсынылып отырған бұрынғы сырластарымыз өз пікірлерін бұл кітаптың қалың оқырманымен де бөліссін, “ақылдасып пішкен тон келте болмас” деген ой түйіні еді.

Журналмен, ондағы тарихи тақырыппен бұрыннан таныс зиялы қауым не дейді екен, оқып көріңіздер.

КІТАПТЫҢ КІРІСПЕСІНДЕ КӨП КІЛТ БАР, ОНЫ ОҚЫМАЙЫНША АЛҒА БАСУҒА БОЛМАЙДЫ

19.05.2001. факспен берілді.
Асқаров Әлібекке

ҚАДІРМЕНДІ ӘЛЕКЕ!

Владимир Ермаченковтың тапсырмасы бойынша биылғы жылы шығатын қоғамдық-гуманитарлық білімдер саласындағы әдебиеттерді сараптаудан өткізгенбіз. Біз қосымша кіргізген әдебиеттердің ішінде өзіңіздің астаналық жерлесіңіз, белгілі қоғам қайраткері Нұрғожа Ораздың «Талқандалған тарихат» қолжазбасын ұсынған едік. Сіздердің қолдарыңызға тиген сол тізім ішінде осы бір позиция да аталуға тиіс еді. Мүмкін болса қарап, анықтап, ал түсіп қалған жағдайда сол позицияны биылғы жылы шығатын әдебиет қатарына қосуыңызды сұраймын.

*Құрметпен, өзіңді жақсы көретін,
сараптау комиссиясының төрағасы,
академик М. Қозыбаев*

* * *

“Егемен Қазақстан”, 1 ақпан, 2000 жыл. “Қазақтың даңқын асырған” атты көлемді мақаладан бір үзік:

...Абылай хан туралы берекесіз сөздер Қазақстан баспасөзінде де әлі аз кездеспейді. Осындай империялық көзқарастардың бірі – Абылайды ойрат қапасынан К. Миллердің миссиясы нәтижесінде босатылды деген пікір. Бұл шындыққа келмейді. Н.Таукин деген әріптесіміздің «Сарыарқа» журналында: Абылай тұтқыннан өзін-өзі босатқан», - деуі әділдікке саяды. В.А. Моисеевтің «Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв.» деген кітабында (153-б) Абылайдың тұтқыннан босауы патшаның әкімшілігін қуанта қойған жоқ делінген. В. Моисеев бұл пікірді одан әрі дәлелдей түседі: «В советской историографии принято сравнительно высоко

оценивать результаты посольской миссии К. Миллера в Джунгарию”...

М. Қозыбаев, академик.

PS. Академик өзінің Аблайхан жайлы ғылыми жан-жақты дәлелдеген мақаласында “Сарыарқа” журналындағы Н.Таукиннің (Н.Ораздың) мақаласына сілтеме жасап, соның дұрыстығын айғаққа келтірген.

ТАРИХТЫҢ ТҮЙІНІ ОСЫДАН БАСТАЛАДЫ

«Сарыарқа» журналы 1998 ж. № 6.

Нұрсұлтан Назарбаев:

Астананың халқымыз мақтаныш ететін қала боларына, жиырма бірінші ғасыр архитектурасымен тұрғызылатын жаңа ордамыз боларына күмән жоқ.

АРМЫСЫҢ, АҚ ОРДАМЫЗ!

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
Әбіш Кекілбайұлымен сұхбат*

- Әбеке, мемлекеттігіміздің туын тіккен ақ ордаға келіп жатырсыздар, соның тұсаукесер рәсімін оныншы маусымда өткізбекшісіздер ғой. Біз үшін ұлы той іспетті күтіліп жүрген сол оқиғаға «Сарыарқа» журналының бір санын әдейі арнап отырмыз. Өзіңізге сол мемлекеттік рәсімге орай дидарласуға келіп отырмыз. Білгіміз келетін сұрақтың алғашқысы былай деп басталмақшы: Астанамыздың тұсаукесер рәсімінің ауқымы қандай болмақ?

— Өте үлкен болмақ. Тек ұлттық қана емес, халықаралық маңызға да ие болмақ. Ол заңды да. Астана — Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы. Бұған халықаралық қоғамдық пікір үлкен мән беріп отыр. Өйткені, ол осы

ғасыр геосаясатшылары көп айтып жүрген «Жер кіндігі» аталған аймаққа орналасып отырған бірден бір астана. Осы ғасыр басында британ геосаясатшысы Маккиндер бұрынғы Кеңестер Одағы иемденген кеңістікті «Жер кіндігі» деп атап: «Кім жер кіндігі өлкесін билесе, ол жер шарындағы түгел құрлыққа үстемдік жүргізеді, кім құрлыққа ықпал жүргізсе, ол жер шарына да ықпалын жүргізеді», — деген болатын.

Сол заманнан бастап, жер бетінде болған үш соғыстың, яғни екі дүниежүзілік соғыстың, бір қырғикабақ соғыстың үшеуінің де басты нысанасында Еуразия төрі тұрды.

Еуразия кіндігі — біздің Қазақстанға, оның ішінде Орталық Қазақстанға дөп келеді. Сондықтан да басқа елдерде жасалған құрлықаралық қарулар алдымен осы өлкені нысанаға алды. Ал Кеңестер Одағының ондай алыстан жасалатын шабуылдарға тойтарыс беретін қаруларын сынау алаңдарының дені осы өлкеге орналасты. Сөйтіп, бұған дейін тек континентаралық баллистикалық ракеталар нысанасына ілігіп, қалған дүние үшін тылсым құпия ұсталып келген «жабық аймақ» енді жана астананың көшіп келуі әлем үшін ашық кеңістікке — дүниежүзілік бейбітшілік жолындағы мүдделестік пен экономикалық саяси ықпалдастық аймағына айналып отыр. Басқасын былай қойғанда, тек осының өзі-ақ Астананың тұсаукесері бір мемлекет үшін ғана емес, күллі әлем үшін үлкен саяси мәні бар оқиға екендігін дәлелдей алса керек. Оған дәстүрлі қауымдастарымыз ТМД мемлекеттері, Орталық Азия мемлекеттері, түрлі тілді мемлекеттердің басшылары, алыс-жақын ықпалдас елдер мен көрші мемлекеттер делегациялары шақырылып отыр. Рәсім кезінде түркі тілді мемлекеттері басшыларының кезекті кездесуі өтеді. Тұсаукесерге іле-шала Ресей Президенті Б.Н. Ельцин ресми сапармен Астанаға келеді. Ол төрттік одақ басшыларының жана кездесуіне, шегаралары шектес Қазақстан, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттері басшыларының кездесуімен ұштасады. Ол мәслихаттар халықаралық және аймақтық ауқымдағы өзара ықпалдастықтың толғақты мәселелерін талқылайды.

Сөйтіп, біз Астананың шын мәніндегі бүкіл әлем білетін саяси астанаға айналғанына куә болғалы отырмыз.

- Астана Арка өңірінің ортасынан орын тепті дедік. Осы бір ұлы өзгеріс елдің болашағына қандай әсер етпек?

- Мемлекет басқарудың пәрменділігі-аумақтық тұтастық пен аймақаралық үйлесімділікті қаншалықты қамтамасыз ете алғандығымызбен өлшенбекші. Біз бұрын да өз шаруашылығымыз бен өз мәдениетімізді өзіміз Алматыдан басқарып отырмыз деп келдік. Расында, ол ұғым шындықпен толығымен жанаспайтын еді. Турасын айтсақ, біз Алматының емес, Мәскеудің айтқанын орындап келдік. Аймақаралық үйлесім мен аумақтық басқару жүйесі де әуелден сол негізге лайықталған-ды. Ол құрылым бүгінгі тәуелсіздік, ұлттық экономика, мемлекеттік қауіпсіздік мүддесіне сәйкесе бермейтіндігіне санаулы жылдарда көз жетті. Бұрынғы құрылымдық жүйемен қала берсек, ұлттық мүдделерден гөрі аймақтық мүдделердің басым түсе бастау қаупі де жоқ емес-ті. Бұрынғы Кеңестер Одағы ыдыратып берген салалық, кәсіпорындық өзіншілдік енді аймақтық сипат алып, аумақтық тұтастығымызды зақымдауы да ғажап емес-ті. Орнығып болмаған демократия жүзеге асып болмаған реформа жағдайында мұндай бөліне жарылушылық, ауа жайылушылық пиғылдар зардабын мықтап ескермеске болмайтын еді. Тәуелсіздік ендігі жерде өз мүддемізді өзіміз күйттеуді, ешкімге иек артпауды талап етеді. Қай істе де, ең алдымен, өзімізге тиімді ықтимал шешімдерге басымдық бергеніміз жөн болмақшы.

Сондықтан да біздің астанамыздың бүкіл қазақ елінің қак ортасына келіп орнауы осы ішкі тұтастығымызды нығайтатын, жаңа мемлекеттік биліктің пәрменділігін жан-жақты күшейтетін, алыс-жақын ықпалдастарымызды да, жана тәуелсіз болмысымызды да жете ескеруге мәжбүр ететін аса батыл қадам деп бағалаған дұрыс.

Оның сыртында, Қазақстан Еуразияның жер кіндігі деп есептелетінін айттық. Бұл — әсіресе сөз емес, нақты өлшем бойынша бүкіл әлемдік геосаясатта мойындалған ақиқат. Аяқ аттағалы тұрған жана ғасыр мен жана мың жылдық адамзаттық қауымдастықтың жана үйлесімін талап етері сөзсіз. Ол үйлесімділік егемендіктер мен тәуелсіздікті баса көктеу арқылы ғана емес, мұқият ескеру, олардың тең құқығын қатаң қадағалау арқылы жүзеге аспақшы. Мемлекетаралық ықпалдастықтың жаңа өлшемдері мен жана жүйесі қалыптаспақшы. Ол әлемдік те, аймақтық та қырғи қабақтықты түгел мансұқтауды қажет етеді. Ендеше, бұрын тек баллистикалық зымырандардың арқасында

сокқы беруге болады деп есептелген түкпір кеңістікке енді шынайы экономикалық мүдделестік пен ықпалдастық арқылы бейбіт жолмен де болатындығына жағдай жасалуға тиісті еді. Әйтпесе, бұрын аса ірі державаның өзімшіл саясатының салдарынан тек суық кабак нысанасында болып келген аймақ сол калпында қала берер еді. Сондықтан бұл аймақтың карусыздануы, қырып-жойғыш қарулардың сынақ алаңдарынан арылуы, сондай-ақ қарулармен қаруланған дәстүрлі әскери құрамалардан босатылуы — тек ұлттық қауіпсіздікті ғана емес, аймақтық әлемдік қауіпсіздікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосатын тарихи құбылыс. Ал сондай қатерлі аймақтың халықаралық экономикалық, саяси, мәдени-рухани қарым-қатынастардың ірі орталықтарына айналуын әлемдік ахуалдың шешуші түрде сауыға бастағандығының бір көрінісі деп қарастырған жөн. Ондай аймаққа капитал әкелу де, бірлескен кәсіпорындар ашу да, халықаралық банктер ашу да, емін-еркін жүріп-тұру да қауіпсіз екендігіне көз жеткізудің бұдан артық жолы табыла қоймас. Бүгінгі заман жағдайында ешбір ел, әсіресе, жас тәуелсіз мемлекет қалған дүниемен қоян-қолтық араласпай шұғыл көркейіп кете алмайды.

Ендеше, Ақмоланың Астанаға айналуы тек ежелгі Сарыарканың ғана емес, күллі қазақ даласының, тіпті Орталық Азияның әлемдік нарық кеңістігінің құрамдас бөлігіне айналуын тездете түседі.

- Сіз идеология майданында жүргендіктен «Сарыарқа» журналын жақсы таниды деп білеміз. Бұл журнал Қазақстан Жазушылар одағы атынан республикамыздың барлық облыстарына тарайтын әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал болғандықтан соған орай сізге қойылатын тағы бір сұрақ бар. Әрине, бұған дейін З.Серікқалиев, А.Егеубаев, Т.Кәкішев сияқты және басқа азаматтардың журнал жарияланымдарына жоғары баға беріп келе жатқаны — бізге аз ғана жалақыны патриоттық сезімге жеңдіріп еңбек ету жолында демеу болып келеді. Ал сіз өз тарапыңыздан осы журнал хақында қандай ойдасыз?

— Мен соңғы кезде «Сарыарқа» журналының көптеген сандарын оқып үлгердім. Өте қызық басылым. Сарыарқа аймағында әдебиетшілердің басын қосып, осы өлкедегі бұрын қалтарыста қалып келген көптеген тарихи жайттарды, оқиғаларды, өткен заман қайраткерлерін, олардың халықтың зердесінде қалған мұраларын тірілтуде өте тиімді қызмет істеп жатыр екен.

Екіншіден, шынында да әдеби күштеріміз бір ғана Алматыда топталып тұруы шарт емес. Біздің жана астанамыз да әдебиеттің, мәдениеттің ұйтқысы болуы керек. Мынау жана заманда сондай ұйтқы болар топтар казак даласының әр тұсында болуы кажет деп есептейміз. Солардың әрқайсысы өз өлкесіндегі жоғарыда біз айтып өткендей халық қазынасын жиыстырып, оны «Сарыарка» сияқты зерттеп, насихаттап, сол өлкенің қадірі мен маңызын ашып, оның ұлттық болмысымызға қосар үлесін салмақтап, ұлттық бірлігімізді жанаша қалыптастыруға, жана ұлттық санамызды жасақтауға әрекет ете алатын болса, тіптен құба-құп болар еді. Мінекей, осындай аяқ алысты бастап берген алғашқы көшбасшы «Сарыарка» журналы.

Енді астананың Ақмолаға келуіне байланысты «Сарыарканың» да міндеті ауқымдала түседі. Оның жан-жақты көз салатын нысанасы да, қамтитын аясы да кеңеймекші. Енді бұл бұрынғыдай өлкелік дәрежеде емес, ұлттық дәрежедегі басылым болады деп есептейміз. Бірақ ол астананың осында көшіп келуіне байланысты бұрынғы ұстап келген бағытын көзқарастық тұғырын өзгерту керек деген сөз емес, сол бұрынғы дәстүрін дамыта беруі керек.

Бұл журналдың өте бір тиімділігі – көркем-әдеби дүниелерімен қоса, ғылыми танушылықты, саяси үгітті, публицистикалық жанрды өте тиімді тоғыстырып, жалпы қоғамдық санаға ең ықтимал жолдар арқылы әрекет етуге тырысатын журнал деп санаймын.

Сондықтан бұрынғыдай өте тосыннан, ұтқыр қимылдайтын ұтымды жолдан таймауға тиіс.

– Жанағы өзіңіз айтқандай соңғы жылдарда журнал географиясының ауқымы кеңіп, түгелдей республиканы қамтып отыр. Шығыс Қазақстан, Орал, Атырау, Маңғыстаудан жана авторлар соны тақырыпқа дүниелер жіберуде. Масалы, бұрын «банда» деп жүрген Аманғали жайлы дерек, «Ертілеу» дастаны келді. Аманғалилар кенестік қоғамға қас болғандықтан абрек болып кеткен.

– Біз бұрын өзімізді өзіміз көп біле бермейтінбіз. Өз өлкелеріміздегі, аймақтарымыздағы тарихи оқиғаларды білмесек те, өзге жұрттардың өткенін білгіш-акедік. Ал тәуелсіздік жағдайда өйтуге болмайды. Өзімізге, бір-бірімізге көзжұмбайлықпен қарамай, бұрынғыдай «білеміз ғой» дей салмай – нақтылап білуге тиістіміз. Сондықтан біз егер Астана қаласы бүкіл қазақтың

рухани астанасы болды десек, ол казактар үшін ең қасиетті ұғымға айналуы тиіс. Олай болса осы өлкеде болмақшы барлық оқиғалар мен құбылыстарды өзек қылатын басылым боп есептеледі. Бұл — «Сарыарканың» ең бірінші міндеті.

Екіншісі, астанада өзіне лайық көзқарас болуы керек. Оның астаналық пейлі қалғандарынан кең болуы керек. Астананың көзі басқалардан көрегенірек болуы керек. Сондықтан «Сарыарканың» назары казак даласының барлық пұшпақтарына түсіп жатса, сонда бүкіл қауым, бүкіл көпшілік кеңінен білмейтін жағдайларды егжей-тегжейлі жазып, соны бүкіл казак білетіндей ақиқатқа айналдыра алса «Сарыарканың» нағыз Сарыарқа болғандығы деп есептейміз.

— Өзіңіз айтқан ұлағатты пікір журнал көтере алатын жүк болғандықтан айтылып отыр деп қабылдаймыз. Ал дегенмен осы журналдың қызметкерлері бүгінде ең төмен жалақының иелері, олар тек патриотизм деген ұғыммен жанталасып еңбектенуде. Осы бір елін сүйген қасиетті ұғым ұмыт қалмасын дегендей сынайлары бар. Болашақта осы жағы үкімет тарапынан назарға ілігер ме еді?

— Ол жайлы ойластырып көрелік, ұлттық Ақпарат министрлігімен ақылдасалық. Астана болған сон статусына орай біраз шаралар мәдени-рухани салада да қарастырылуы керек. Сол шаралардың ішінде басылымдар жайын қарастыру да бар. Бұл топтағы мәселелер бойынша Елбасы тиісті орындарға тапсырма берді. Олар әзірлеген ұсыныстар бойынша қажетті шешімдер қабылданады.

— Осында — астаналық жұмысқа келіп жатқан біздің қарымды қаламгерлеріміз — ақын, жазушылар бар. Солар дидактасқан жерде «бұрын осы Ақмолада Жазушылар одағының облысаралық үлкен бөлімшесі бар еді ғой, соның негізінде «Сарыарқа журналының төңірегінен бәріміздің басымызды қосатын бір ұйым жасап алмаймыз ба?» дегенді жиі қайталап жүр. Осыған қалай қарайсыз?

— Бұл бір ойдан кетпейтін түйткіл жайт мені де мазалайды. Әрқилы, құрылым түрлерін саралаймын. Өз манайымдағы әріптестеріммен де ақылдасып қоямын. Қайткенде де соның бір тиімді айқын тәсілін тауып, ақын жазушыларымыздың жаңа ахуалға лайық қауымдасуына жағдай жасауымыз керек-ақ. Ол Еуропадағы жазушылардың топтасуы сияқты бола ма, оны көреміз. Біздің бір қиындығымыз — бұрынғыны ұмытпа алмай жүргенімізде ғой. Қайткенде де бір жолы табылар.

— Әбеке, салиқалы, сом ойлы әңгіменізге үлкен рақмет!

«САРЫАРҚАДАН» СОҚҚАН САМАЛ

«Егемен Қазақстан» 20 қазан 1993 ж.

*(Аталмыш газеттен қысқартып,
тек тарихқа орай түйіні алынды)*

Құрбанғали Халидтің «Бес тарихында» қазақтың байтақ даласының жұлын-омыртқасындай батыс пен шығысты ұштастыра кең керіліп жатқан жері туралы әдемі айтылған. Арқа, Сарыарқа туралы бұрынғы-соңғы жазылған еңбектерде біраз толғамдар кездесе де, «Бес тарихта» өзгеше толымды, барынша нақты сипатталады. Сол Сарыарқаның елі мен жері ежелгі тарихымен де, өнерлі-дарынды азаматтарымен де халқымыздың тарихында, мәдениетінде, өнер дәстүрінде өзгеше жоталанып көрінеді. Осы ретте Ақмолалық азаматтар соңғы жылдары үзбей шығарып келе жатқан «Сарыарқа» журналының мәні ерекше деп санаймын.

«Сарыарқаның» алғашқы сандарын қолға алғанда жазира арқа елінің қазақ баспасөзі талай жылдар бойы толық қамти алмай, етене таныта алмай келген тіршілік тынысын кеңінен біліп отыруға мүмкіндік туғызғанына қуанған едік. Содан бері журнал бірер жылдың ішінде-ақ күллі Қазақстан ауқымынан тұрақты оқырмандар, шынайы жанашырлар тауып үлгірді.

Аты «Сарыарқа» десек те, заты қалың қазақ елінің жан-дүниесін айқара ашқан, исі қазақтың мұң-мұқтажын толғаған бірегей басылым болып келе жатыр. Жаңа газет-журналдар көбейді дегендегі бір ой, кейбір «орталық» басылымдардың өз қазығын айнала беретін әлде бір тар өрістілігін де еске сала кетудің артықтығы жоқ. Қазақ баспасөзінің қазіргі сипаты мен тіршілік аясында «Сарыарқа» жөні бұл жағынан да бөлек болып шықты. Өзгеше бір сергектікпен жалпы ұлттық, халықтық деңгейден көріне бастады. Өз басым, журналды алғашқы санынан бастап үзбей оқып келемін. Мәдениет пен өнер саласында басқаларға ұқсай бермейтін дара бітімі бар жана журналдың тақырып аясы да, шығармашылық ізденіс өресі де өрісті кең. Әсіресе, ел мен жер тарихы, қазақ мәдениетінің тағдыр-талайы мен дәстүр ерекшелігі саласында «Сарыарқаның» өз

үні, өз тынысы бөлек. «Дала дарындары», «Билер сөзі», «Ұлы жыраулар ұлағаты», «Тарих тағлымы» сияқты айдарлармен берілген жарияланымдар топтамасы қазақ оқырмандарына мүлде тың толғамдарымен, белгілі деген тақырыптардың бұған дейінгі беймәлім тұстарын кең жария етіп отыруымен құнды деп ойлаймыз.

«Сарыарқаның» тарихи деректерге қатысты өз көзқарасы, өз ыңғайы бар. Сірә, мұны соншама мол тарихи деректерді ұтымды жеткізудің оңтайлы бір жолы десе де болар.

Біздің ойымызша, жаңа журналдың сәтті қадамдары тарих сабақтарын зерделілігімен пайымдау. Басылымның басты мақсаты да сол болғанға ұқсайды.

Тазалықтың маңдайалды қашан да ашық «Сарыарқаны» редакциялап отырған белгілі ақын, журналист Нұрғожа Оразовты бұрын қаламгерлік өнері арқылы танушы едік, енді қазақ оқырманы іскер ұйымдастырушы-редактор ретінде де білді.

*Зейнолла Серікқалиев,
көрнекті ғалым,
Қазақстанның еңбегі
сіңген қайраткері.*

«САРЫАРҚАҒА» 10 ЖЫЛ

«Сарыарқа» журналы 2000 ж. № 6

Мерекелік санында журналды құттықтаған ақ тілекті азаматтардың тарихымызды насихаттауға орай айтылған ойларын беруді жөн көрдік. Журнал оқырмандары мен авторларының толықтай тілегін берудің реті де жоқ, оған орын алдырудың да қажеті бола қоймас. Дегенмен біздің осы кітапқа жазып отырған тарихи шындығымызды қолдаған жолдардан үзік сырлар беру – халық қолдауының айғағы дер едік.

АҒАЙЫННЫҢ АҚ ТІЛЕГІ:

БҮКІЛ ҰЛТ РИЗАШЫЛЫҒЫН АЙТАР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы, ғұлама жазушы Әбіш Кекілбаевпен журналдың бас редакторы Н. Ораздың сұхбаты (сәл ықшамдалды).

— «Сарыарқа» журналы алғашқыда Сарыарқаның 8 облысында тарайды деп бастағанбыз. Ал кейіннен кішкене қанаттанып алған соң 10 мың тиражбен шығып жүрген кезде бүкіл облыстарға, тіл қоғамдарына журналымызды жүз-жүздеп жіберіп, тегін таратып жаттық. Соның нәтижесі болар, кейіннен аз тираж болса дағы бүкіл республика облыстары алатын болды.

2000 жылдың 6-шы саны 10 жылдықты қорытындылайын деп отыр.

— Сіз - Әбеке, біздің «Сарыарқа» журналына пікір айтып жүрген адамсыз. Бүгінгі «Сарыарқаның» 10 жылдығына да бір лебіз білдірмес пе екенсіз?

— Жалпы бізді тәрбиеленген кеністігімізде қалың журналдардың рухани қызметі зор болды. Бұл журналдар көп жағдайда тек қана әдебиеттің айнасы емес, қоғамдық ойдың айнасына айналды. Осы қоғамда болып жатқан барлық тың бастамалар әуелі сол үлкен әдеби журналдардың бетінен басталады. Өйткен себебі, күнделікті газетте, салалық басылымдарда, жан-жақты қолдайтын мәселелер осы өрісі мол, қанаты кең, мына қалың журналда егжей-тегжейлі талқыланады. Бұл реттен келгенде көптеген елдер, мысалы, бізбен көрші, күні кешеге дейінгі рухани әріптесіміз, бүгіндерде де бірлестігіміз үзілмеген орыс әдебиетінің зердесіне қарасак, жергілікті жерлерде шығатын екі-үш журнал рухани көшбасшылық қызмет атқарса, кейін оған, мысалы, Сібірден шығатын «Сибирские огни», не болмаса анау «Дон», соңғы кезде мынау солтүстік облыстарынан шығатын тағы басқа журналдар кейінгі кездері орыс эстетикалық ойының қоғамдағы дамуына үлкен әсер етті.

Қазақстанда бұл бастама ұзақ уақытқа дейін қолға алынбады. Осындай бастаманы алғаш рет қолға алған аймақ осы — бұрынғы Ақмола қаласы болды. Осы Ақмоладағы азаматтардың арқасында сіздің «Сарыарқа» журналы дүниеге келді. Бәлкім осы шығу тегінің өзі қазақ оқырмандарына бұл журналға деген назарды ұлғайтуға мәжбүр еткен болар.

Алғашқы күндерден бастап бұл не қылған журнал, қандай бағытта дамиды дегенге кәсіби оқырман да, көпшілік оқырман да қатты көңіл бөлді. Сондай оқырмандардың бірі ретінде мен журналды осы аз жылдардағы ғұмырында көптеген істерді тындырған басылым ретінде қатты бағалаймын. Біріншіден, ол анау орталықтан шығатын журналдарға бірде басылып, бірде басылмайтын, барлық уақытта еленіп-екшелене бермейтін, сондықтан қалыс қалып қоя беретін, әртүрлі маусымдық, әртүрлі наукандық себептермен кейін ығыстырыла беретін көптеген әдеби-тарихи танымдық шығармалардың дүниеге келуіне жағдай жасады. Белгісіз болып жүрген, тек өз ортасы ғана біліп, қалың оқырманға жете алмай жүрген көптеген соны әдеби күштерді ашты.

Жалпы қай уақытта да, жас адамдардың, жас таланттардың танылуы өте қиынға түскен. Оны алдымен жақын білетін, жанында жақын жүрген адамдар танымаса, үлкен, биік қауымға шығып кету қай уақытта да оларға онайға түспеген. Бұл журнал сол жағын ескеріп, осы өлкедегі көптеген жаңа таланттарды алғашқы ауыздандырған және үлкен әдеби талпыныстарға баулыған рухани бапкер басылым болды. Мінекей, осы реттен келгенде бұл өте уақытында дүниеге келген және қоғамдық үлкен, терең рухани жаратылудан шыққан басылым деп есептеймін.

Байыптап қарасак — 10 жыл деген — ол бір жағынан аз, екінші жағынан көп. Оның үстіне бізде қазір үлкен реформалар жүріп жатқан, түбегейлі өзгеріп кеткен тұста осы кезге дейін шығып келуі, біріншіден, рухани өміршендігін танытады, екіншіден бұл халыққа қажет басылым екендігін көрсетеді. Өйтетін себебі, ендігі демократияның нығаюына байланысты аймақтардың алатын орыны ұлғаяды. Соған орай экономикалық қатынастар шешіледі. Олай болатыны шикізат аймақта, еңбек ресурстары аймақта, кәсіпорын аймақта, бұл өзгерістер рухани жағынан да солай. Өйткені, өндіріс шоғырланған жерде халық бар, олай болса, өнерлі жастар сол халық арасынан шығады, яғни, таланттылар негізінен сол аймақтан шығады.

Бір кездегі Бальзак айтқан: таланттар аймақтарда туып, астанада өледі дейтін қағида бар еді. Қазір сол қағиданың өзі өліп жатыр. Өйткені себебі, қазіргі күштердің арақатынас бөлістігі басқа жүйемен дамып келе жатыр. Сондықтан біз ұлттық руханиятымызды ойлайтын болсақ, онда ұлттық руханиятты қалыптастыруға аймақтардың ықпалдылығын арттыруымыз керек. Аймақтардың ұмтылыстары көп болуы керек. Өзінің тек

аймақтық ауқымында қалғысы келмейтін, тек қана белгілі бір бірлестіктің шегінде қалғысы келмейтін нарықтық күштер ортақ ұлттық мәдениет жасауға атсалысуы керек. Ол атсалысқанда өзінің үлкен ықпалы бар аумақтарда бүкіл ұлтқа әсер ете алатын рухани құбылыстарды қолдау арқылы жүзеге асыра алады. Бүкіл ұлттық мәдениетке үлес түсіре алатын таланттарды қолдау арқылы жүзеге асыра алады. Мінеки, осындай бастаманы алғашқы рет түсінген, алғашқы рет қол ұшын берген «Цесна» корпорациясына өз басым қатты ризамын! Шын мәнінде де осындай журналдарды шығару, осындай басылымдарды шығару қазір Қазақстанның басқа аймақтарында да қолға алына бастады. Бірақ, олар соңғы екі-үш жылдың ішінде ғана қозғалысқа келді. Бұл реттен келгенде «Сарыарқа» олардың бәріне көшбасшы болған басылым. Сондықтан «Сарыарқаны» шығару ісінің өрісі әрі кең, аса мол деп есептеймін. Сол себептен де осы журналды, журнал оқырмандарын алғашқы 10 жылдығымен құттықтай отырып, осы журналды шығаруға атсалысқан адамдарға, ұжымдарға, соның ішінде экономикалық тыныс беріп отырған «Цесна» корпорациясына — өзім журналдың бір оқырманы ретінде қатты ризашылығымды білдіргім келеді. Және олар өздері жана заман талабына сай халқымыздың ең үлкен рухани зәрулігіне сай істеп жатқан зор бастамасын одан әрі қарай өрістетіп, «Сарыарқа» журналының көлемінің ұлғаюына, басылымдарының жиілеуіне, авторлық ұжымын көбейтуіне, көркемдік, танымдық сапасын бұдан да жақсартуына жағдай жасайды ғой деп үміттенемін.

Бұл үшін журналға да, журналды шығаруды қаржыландырып отырған азаматтарға да, журналды шығаруға күш салып жатқан шығармашылық ұжымға да бүкіл ұлт ризашылығын айтар деп ойлаймын!

— Рақмет, Әбеке. Біздің осы уақытқа дейін жасап жатқан шығармашылық табысымызды танып, соны бағалағаныңызға рақмет!

АҒА ЛЕБІЗІ

Өткен күнде белгі жоқ деген осы. Бұдан 10 жыл бұрын «Сарыарқа» журналы шыға бастағанда қызықтап оқуды қолға алдық. Осы өткен 10 жыл ішінде журнал бетінен тарихқа жана

көзқарас жайында көп материалдар оқыдық. 1998 жылғы – тарихымызды зерделеу жылындағы татымды да тартымды материалдары үшін «Сарыарқа» журналы мен оның редакторы тұңғыш қазақ журналисі («Айқап» журналының редакторы) Мұхаметжан Сералин атындағы Қазақстан Журналистер одағының сыйлығының лауреаты атанды. Біз үшін бұл да абырой еді.

*Ырыскелді Дәуренбекұлы Жақсыбек
қайраткер*

* * *

Өзіміз қызыға оқып, әр нөмірін тықырши, асыға күтетін сүйікті «Сарыарқа» журналымыздың шыға бастағанына осы жаңа ғасырдың басында 10 жыл толыпты. «Өмірөзен» дегеносыекен-ау, нөмірлерінасыға күтіп жүріп он жылдың қалай зымырап өткенін де аңғармаппыз.

Біз журналды қызыға, сүйіп оқуымызға себеп, әр нөмірін алған сайын тебіренгіп, ой толғайтыны ынтықтырады.

Еліміздің көне тарихынан бастап бүгінгі өмірге дейін, тәталитарлық дәуір көрінісін жазған ағайындарымыздың біраз дүниелеріне сынап қарап, жариялап жүрді, журналымыз көптеген өз тұжырымдамасын, пікірін көпшілік оқырман қауымына жеткізіп, олардың жылы көзқарас, ризашылығына, ілтифатына бөленді.

Бір ғана мысал – журналдың биылғы 1-2 санындағы көрнекті чех археологы, ғылым докторы, Чехословакия – Қытай – Моңғол археология экспедициясын ұйымдастырушы әрі басқарушы, марқұм Лумир Йислдің «Күлтегін ескерткіштеріне барар жолда» атты қызық та құнды материалын чех тілінен Қани Кабиұлының тікелей аудармасы арқылы беруі – іздесен таптырмайтын жаңалық.

Сүйікті «Сарыарқа» журналымыз Қазақстанның түпкір-түкпіріне жете бастағаны бізді қуантады.

Мына қиын-қыстау заманда жанашырлары көбейіп, ғұмырының ұзақ болуына, бұдан былайғы да жетістіктеріне тілектеспін!

*Қасым Тәукетегі,
мемлекет қайраткері, жазушы,
одақтық дербес зейнеткер*

«Сарыарка» журналы — Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы қарлығашы. Осыдан он жыл бұрын дүниеге келген бұл басылым Патша мен Кенес өкіметі кезінде өз теңдігін ала алмаған қазақ халқының ұлттық рухын көтеруге қызмет етті. Қазақтың тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрі үшін аянбай күресіп келген Нұрғожа Ораз ағамыздың «Сарыарканы» ашқаны демографиялық жағдайы белгілі Арқа өңіріне ерекше леп, өзгеше сергіліс әкелгені анық.

Осынау шұрайлы өңірде жергілікті халық пен шеттен келген өзге ұлт өкілдерінің арақатынасы қалай өзгергенін, сол арқылы қазақ жұртының қалыптасқан менталитеті қалай басқаша бағыт алғанын, ақырында жалтақтық халге душар болған бауырларымыздың хал-күйі неге әкеліп соққанын көрсететін «Демография құйыны» атты көлемді публицистикадан көп дүниені көруге болады.

Бүгіндерде жалғасы арнайы беріліп келе жатқан көшпелілер өркениеті мен батыс өркениетін салыстыра, шарбыстыра жазып келе жатқан ғылыми талдауға бергісіз материалдар да мен қазақпын деген жандардың жүрегіне шок түсіргендей жанын ауыртатын мәселелер.

Журнал осындай күрделі қоғамдық мәселелерді жазып қана қоймай, ана тілімізді қорғаудың, мәдениетті дамытудың, салт-дәстүрімізді жаңғыртудың айқын жолдарын ұсынды. Осынау ортақ игілікті іске белгілі қоғам қайраткерлері де, ақын-жазушылар да үнемі үлес қосып келеді.

«Сарыарка» ұжымына үлкен шығармашылық табыс тілеймін. Еңбектеріңіз жемісті бола берсін, оқырмандар жүрегіне жол таба беріңіздер!

*Құрметпен: Аяған Саудыбай,
Қазақстан Республикасы Президенті
Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі*

«Сарыарка» журналы тәуелсіздіктің таңымен бірге жарқ етіп дүниеге келіп, қалың оқушыларына қарай қанат қаққан, қадамы құтты журнал. Ол қоғамымыздың әлеуметтік, саяси, әдеби, мәдени, тіршілік болмысын жан-жақты, кеңінен қамти көрсетіп, өткендегі тарихынан сыр

өрбітіп, оқушыларының жүрегіне жол тауып келеді. Журнал баршамызға бұрыннан белгілі такырыптарға барғанның өзінде де халқымыздың басынан кешкен оқиғаларының жана кырынан келіп, тын пайымдаулармен, өзіндік ой-пікірлермен, өткен күндердің кейбір бізге белгісіз бұралан-бұрылыстарын, тереңде жатқан сырларын ашуға ұмтылуымен ерекшеленеді. Журналдың тағы бір айрықша сипаты — кеңес заманының зұлматынан зардап шеккен халқымыздың небір ойшыл алыптарының, сөз зергерлерінің мұраларын калың көпшілікке жариялауда, соның ішінде Сәкен Сейфуллиннің бізге беймәлім шығармаларын іздеп тауып, оқырманға таныстыруда қыруар еңбек сіңіргені. Сонымен қатар ел ішіндегі не бір асыл сөз, аңыз-әңгіме, халық даналығын, бұрын-сонды өмір сүрген сал-серілер мен жырауларын, небір жезтандай шешендердің, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ксменгер билердің мақал-мәтелге айналып кеткен шешендік сөздерін теңіз түбінен інжу тергендей жинап, жұртшылыққа ұсынып келе жатқаны — «Сарыарқа» журналының баға жетпес елеулі еңбегі деп білемін.

*Болат Бодаубай,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының Аударма, редакциялау және
Парламент актілерін шығару бөлімінің меңгерушісі*

* * *

«Сарыарқа» журналын 10 жылдығымен құттықтаймын! Осы он жыл бойы журнал оқырман қауымының ризашылығына бөленді. Тәуелсіз елдің туын көтеріп, өлкетану мәселелерін кеңінен насихаттады.

«Сарыарқа» тарихтың тереңінен сыр тартып, ежелгі би-шешендерді, көсемдер, хандар шежіресін таратып, халық ауыз әдебиеті мұраларына да көптеген материалдар жариялады. Өзінің сара жол, айқын бағыт-бағдары бар басылым екенін 10 жыл бойы дәлелдеп келеді. Еліміздің ертені — жастардың ғылым жолындағы ізденістеріне жол ашып, жұртшылыққа таныстыруға да өз үлесін қосты.

«Сарыарқаға» тек қана сара жол, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілеймін. Оқырмандарың көбейе берсін демекпін!

*Сейіт Қасқабасов
Қазақстан Ұлттық Ғылым
академиясының корреспондент мүшесі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*